



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТИЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 7 (127) 2021

- **Үкімет осал нысандарды терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын жаңа талаптарды бекіткендігі жөнінде білесіз. Бұл құжат рұқсатпен өту тәртібін ұйымдастыруға, объектілерді жабдықтауға, қажетті құжаттаманың мазмұнына қойылатын талаптарды түсінуге көмектеседі. Оқу іс-шараларын өткізуді есепке алу журналының үлгісін мақаладан жүктеуге болады.**
- **Сақтандырғыш белбеулерін сынауды қалай өткізу керектігін және кәсіпорында бұл үдерісті қалай жолға қоюға болатындығы туралы таныса аласыз.**
- **Фирмаға тапсырмай-ақ, өз кәсіпорныңызда манометрлерді, бәсеңдеткіштер мен газ өткізгіш құбыршектерді тексеруге болатындығы жайында мәлімет ала аласыз. Сарапшы бұл үшін қандай құжаттар қажет екендігін түсіндіріп береді.**
- **Узнаете, что Правительство утвердило новые требования к организации антитеррористической защиты уязвимых объектов. Документ поможет разобраться в требованиях к организации пропускного режима, оснащению объектов, содержанию необходимой документации. Форму журнала учёта проведения учебных мероприятий можете скачать в статье.**
- **Разберётесь с тем, как проводить испытание предохранительных поясов и как наладить этот процесс на предприятии.**
- **Поймёте, можно ли осуществлять поверку манометров, редукторов и газопроводящих шлангов у себя на предприятии, а не сдавать на фирму. Эксперт объясняет, какие документы для этого нужны.**

Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте www.vip-kadry.mcfr.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- **Можно ли время в пути на работу включить в рабочее время?**


ISSN 1996-2053



ПРИМИТЕ УЧАСТИЕ В ПРАКТИЧЕСКОМ ОБУЧЕНИИ



МЦФЭР-Казахстан



8–9 июля

**«Работа согласительной комиссии
и трудовые споры»**

12–13 июля

**«Трудовые отношения в РК.
Практика применения трудового законодательства»**

22–23 июля

**«Кадровое делопроизводство
на государственном и русском языках с изменениями
в ТК РК в 2021 году»**

26–27 июля

**«Работа согласительной комиссии
и трудовые споры»**

**АКЦИЯ
2+1**

При участии двух слушателей
в онлайн-семинаре – участие третьего
в подарок!

Тел.: +7 777 273 32 28;
+7 702 953 01 07
www.seminar.mcfr.kz

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова
Редакция тематического направления
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:
Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеевко
email: otk@mcf.kz

Главный редактор – С. А. Крафт
Литературный редактор текстов
на казахском языке – А. Н. Мамиева
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)

e-mail: otk@mcf.kz

www.kadry.mcf.kz

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – С. Талгатов

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)

email: bm2@mcf.kz

Отдел адресной подписки и сбыта

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcf.kz, info@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

email: sb1@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантукеева

email: support@mcf.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

• по online-заявке – www.kadry.mcf.kz

• в редакции в отделе адресной подписки

• по каталогам (подписной индекс – 74315)

– «Казпочта»: почтовые отделения

– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87

– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом
информации и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.

Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных
в журнале, допускается только с письменного
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-
вых актов идентичны*

официально опубликованным версиям.

Редакция не несет ответственности
за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе принимаются в течение 10 календарных дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».

Юридический адрес: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcf.kz,
info@mcf.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан

№ 7 (127) 2021

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года
Периодичность – 1 раз в месяц

по безопасности и охране труда

**«Еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
жөніндегі нормативтік
актілер» журналының
редакциялық кеңесі:**

**Редакционный совет
журнала
«Нормативные акты
по безопасности и охране
труда»:**

**Оспанқұлов
Төлеген Қапақұлы,**
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеу-
меттік қорғау министрлігі
Еңбек, әлеуметтік қорғау
және көші-қон комитеті
төрағасының орынбасары

**Оспанкулов
Төлеген Капакович,**
заместитель председателя
Комитета труда, социаль-
ной защиты и миграции
Министерства труда и соци-
альной защиты населения
Республики Казахстан

**Беккер
Владимир Робертович,**
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің
төрағасы

**Беккер
Владимир Робертович,**
председатель Комитета по
чрезвычайным ситуациям
Министерства внутренних
дел Республики Казахстан

**Сәдуақасов
Нұрқан Олжабайұлы,**
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министр-
лігінің Тауарлар мен көр-
сетілген қызметтердің сапа-
сы мен қауіпсіздігін бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары

**Садвакасов
Нуркан Олжабаевич,**
заместитель председателя
Комитета контроля качес-
тва и безопасности това-
ров и услуг Министерства
здравоохранения Респуб-
лики Казахстан

**Құнанбаев
Нұрбек Сейітқамзаұлы**
«Серіктес» апаттан
құтқару қызметі» ЖШС-нің
директоры

**Кунанбаев
Нурбек Сейтқамзинович,**
директор ТОО «Аварийно-
спасательная служба
«Серіктес»»



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

МАЗМҰНЫ

Маманнан сұраңыз

Сақтандырғыш белбеулерді қалай сынап көруге болады
..... 3

Өз кәсіпорнында манометрлерді тексеру үшін қандай құжаттар қажет
..... 5

Цифрландырылған кеңсеге еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізу қажет пе
..... 7

Заңнамаға шолу

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді
..... 8

Терроризмге қарсы қорғау

Объектілерді терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдас-
тыруға қойылатын жаңа талаптар
..... 17

Қоршаған ортаны қорғау

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекі-
тілді
..... 38

Ядролық және радиациялық қауіпсіздік

Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қа-
уіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидаларының жаңа
редакциясы
..... 45

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтер

Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөн-
деу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және
тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар
..... 47

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ по безопасности и охране труда

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

СОДЕРЖАНИЕ

Спросите специалиста

Как проводить испытание предохранительных поясов
..... 50

Какие документы нужны, чтобы осуществить поверку манометров у себя на предприятии
..... 52

Надо ли проводить инструктаж по охране труда и по-
жарной безопасности офису цифровизации
..... 54

Обзор законодательства

Какие изменения и дополнения внесли в Закон «О граж-
данской защите»
..... 55

Антитеррористическая защита

Новые требования к организации антитеррористичес-
кой защиты объектов
..... 64

Охрана окружающей среды

Утвердили технические удельные нормативы эмиссий
..... 85

Ядерная и радиационная безопасность

Новая редакция Правил проведения экспертизы ядер-
ной, радиационной и ядерной физической безопас-
ности
..... 92

Санитарные правила и гигиенические нормативы

Санитарно-эпидемиологические требования к усло-
виям труда и бытового обслуживания при строитель-
стве, реконструкции, ремонте и вводе, эксплуатации
объектов строительства
..... 94

Сақтандырғыш белбеулерді қалай сынап көруге болады

Сақтандырғыш белбеулерді оларға жүктеме қосу арқылы сынап көруге бола ма немесе тек көзбен қарап-тексеруге ғана рұқсат етілген бе? Бұл процесті кәсіпорында қалай жүзеге асыруға болады?



Жауап беретін: Аширов А. А., «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы, еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесінде, СҚҚК-1 (2021 жылғы ақпандағы жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен) сақтандырғыш белбеулеріне тікелей талаптар қоятын қолданыстағы екі МЕМСТ қарастырылған:

- МЕМСТ 12.4.089-86 «Сақтандырғыш белбеулер. Жалпы техникалық шарттар»;
- **МЕМСТ 32489-2013** «Сақтандырғыш құрылыс белбеулері. Жалпы техникалық шарттар». МЕМСТ 12.4.089-86 сәйкес:
 - Белбеулерді қабылдау-тапсыру, кезеңдік және типтік сынаулардан өткізеді (3.1-тармағы).
 - Белбеулерді қабылдау-тапсыру сынақтарын дайындаушы кәсіпорын кесте мен нақты құрылымдардың белбеулеріне арналған нормативтік-техникалық құжаттамада келтірілген құрамда және көлемде жүргізеді (3.3-тармағы).
 - Белбеулерді мерзімді сынауды дайындаушы кәсіпорын немесе **мамандандырылған зертхана** қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен топтамалардан кездейсоқ тәртіппен іріктелген бір құрылымдағы белбеу үлгілеріне кесте мен нақты құрылымдардың белбеулеріне арналған нормативтік-техникалық құжаттамада келтірілген құрамда және көлемде жылына кемінде екі рет жүргізеді (3.4-тармағы).
 - Белбеулерді типтік сынаулар олардың жасалу құрылымы немесе технологиясы өзгергенде, сондай-ақ белбеудің жүк көтергіш бөлшектерін жасау үшін материалдарды ауыстырған кезде жүргізіледі. Бұл ретте белбеулер осы стандарт пен стандарттардың техникалық талаптарының немесе нақты құрылымдардың белбеулеріне қойылатын техникалық шарттардың барлық көрсеткіштері бойынша тексеріледі. Типтік сынаулар әзірлеуші ұйым өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен өткізіледі (3.5-тармағы).
 - Тұтынушы пайдалануға берер алдында, сондай-ақ пайдалану үдерісі кезінде әрбір 6 ай сайын әрбір белбеуді 4000 Н (400 кгс) тең келетін статикалық жүктемеге сынауы тиіс. **Сынау әдістемесі нақты құрылымдардың белбеулеріне арналған стандарттарда немесе техникалық шарттарда келтірілуі тиіс** (6.3-тармағы).

МЕМСТ 32489-2013 құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында жұмыс қалпын бекіту (ұстап қалу) үшін және биіктіктен құлаған кезде пайдаланушыны қорғау үшін, сондай-ақ оны құрылыс-монтаждау, жөндеу-қалпына келтіру, пайдалану немесе басқа да жұмыс түрлерін өндіру кезінде қауіпті аймақтардан (құдықтар, резервуарлар, орлар, қазаншұңқырлар және т. б.) эвакуациялау үшін қолданылатын сақтандырғыш белбеулеріне (*бұдан әрі – белбеулер*) қатысты болып табылады, ол техникалық талаптарды, сынау әдістерін, таңбалау, қаптау тәсілдері мен оларды пайдалану қағидаларын анықтайды.

МЕМСТ 32489-2013 халық шаруашылығының басқа салаларында (энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі және т. б.) қолдану мүмкіндігі тиісті салаға қатысты дербес анықталады (**МЕМСТ 32489-2013 1.1-тармағы**).

Сақтандырғыш белбеуі – пайдаланушының денесіне бекітілетін және жұмыс қалпын бекіту (ұстап қалу) және пайдаланушы биіктіктен құлаған жағдайда оны қорғау үшін дербес немесе басқа құралдармен бірге қолданылатын жеке қорғаныс құралы (**МЕМСТ 32489-2013 2.1-тармағы**).

Белбеулер қабылдау-тапсыру, кезеңдік және типтік сынаулардан өтуі тиіс (**МЕМСТ 32489-2013 5.1-тармағы**).

Қабылдау-тапсыру сынақтарын дайындаушы кәсіпорын белбеу топтамаларының шығарылуына қарай жүргізеді. Топтаманың көлемі 1000 данадан аспауы керек. Топтаманың құрамына бірдей материалдардан бір технология бойынша дайындалған бір үлгідегі белбеулер кіруі керек (**МЕМСТ 32489-2013 5.2-тармағы**).

Белбеулерді мерзімді сынауды дайындаушы кәсіпорын мынадай көрсеткіштер бойынша белгіленген мерзімде өткізеді:

- белбеудің салмағы – тоқсанына бір реттен кем емес;
- белбеуді, ілгекті (карабинді) бекіту жүйесі механизмінің және мықарқанның ұзындығын реттеу құрылғысының жұмыс істеуі – аптасына кемінде бір рет;
- нормативтік статикалық жүктеме әсер еткен кездегі белбеудің беріктігі – өндіріске қойған кезде және белбеу құрылымы өзгерген кезде;
- белбеудің салмақ түсетін бөлшектеріне нормативтік статикалық жүктеме – белбеудің құрылымы өзгерген кезде және материалдар мен жинақтауыштарды жеткізушілер ауысқан кезде, бірақ жылына кемінде бір рет;
- күш мәні тіркеусіз нормативтік динамикалық жүктеме әсер еткен кездегі белбеудің беріктігі – өнімді өндіріске қою кезінде және белбеу құрылымы өзгерген кезде;
- белбеудің қорғаныс әрекеті кезінде пайдаланушының денесіне әсер ететін қауіпсіз динамикалық жүктеме мәнін анықтау – өнімді өндіріске қою кезінде және амортизатордың құрылымы өзгерген кезде (**МЕМСТ 32489-2013 5.3-тармағы**).

Типтік сынауларды дайындаушы кәсіпорын құрылымын немесе оларды дайындау технологиясын өзгерту кезінде, сондай-ақ жүктемені көтеретін белбеу бөлшектерін дайындау үшін материалдарды ауыстыру кезінде өткізеді (**МЕМСТ 32489-2013 5.5-тармағы**).

Кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін белбеуді пайдалану шарттары мен ережелерін дайындаушы кәсіпорын айқындайды. Олар нақты құрылымның белбеуін

пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілуі тиіс (МЕМСТ 32489-2013 9.3-тармағы).

«Жеке қорғаныс құралдарының қауіпсіздігі туралы» КО ТР (бұдан әрі мәтін бойынша – КО ТР) сәйкес жеке қорғаныс құралдарына мыналар жатады:

- сақтандыру бауы (сақтандырғыш бау белбеуі) – биіктіктен құлаудың алдын алу мақсатында адам денесін орауға арналған сақтандыру жүйесінің құраушысы, оған бүкіл адам денесін ұстап тұру үшін және құлау кезі мен одан кейін денені ұстап қалу үшін жақсы бекітілген жалғамалы мықарқандар, тоғалар мен басқа да бөлшектер кіруі мүмкін;
- сақтандыру жүйесі – биіктіктен құлаудан жеке қорғану құралы, сақтандыру бауынан және сақтандыру үшін қосылатын кіші жүйеден тұрады;
- ұстап тұратын бау (сақтандырғыш баусыз белбеу) – адамның денесін орайтын және жұмыс кезінде белгілі бір биіктікте пайдаланушыны мықарқандармен бірге бекітетін жеке бөліктерден тұратын құрауыш.

Биіктіктен құлаудан жеке қорғану құралдарына қатысты талаптар КО ТР 4.3-тармағының **21) тармақшасында** жазылған.

Жеке қорғану құралдарын зерттеу (сынау) және өлшеу әдістері Стандарттау саласындағы құжаттардың тізбесіне енгізілген, зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде КО ТР талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттау саласындағы құжаттарда белгіленеді.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар сәйкестікті міндетті растау мақсаттары үшін **аккредиттелген зертханалардың сынақ нәтижелерін пайдалануға тиіс** («Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Заңының **12-бабының 2-тармағы**).

Өз кәсіпорнында манометрлерді тексеру үшін қандай құжаттар қажет

Фирмаға тапсырмай, өз кәсіпорнында манометрлерді, бәсеңдеткіштерді және газ өткізгіш құбыршектерді тексеруді жүзеге асыру үшін ҚР-сының қандай құжаттары қажет?



Жауап беретін: Конисов Ж. А., «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы», «Tin One Mining» АҚ-ның өнер-кәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы, Алматы қаласы

Жеке және заңды тұлғалардың қажет болған жағдайда өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі тиісті бөлімшелер мен қызметтерді құруға; «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы № 53-II Заңының **18-ба-**

бына сәйкес өлшем құралдарын салыстырып тексеруді және калибрлеуді; өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеу және метрологиялық аттестаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге құқығы бар.

Өлшем құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау құқығына аккредиттеу **«Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы»** Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңында (*бұдан әрі мәтін бойынша – Заң*) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау құқығына аккредиттеу **міндетті** болып табылады.

Өлшем құралдарын калибрлеу құқығына аккредиттеу **ерікті** болып табылады.

Өтініш берушілер мен аккредиттеу субъектілері жауап беруі тиіс критерийлер Заңның **14-бабында** көрсетілген. Осы бапқа сәйкес **өтініш берушілер мен аккредиттеу субъектілеріне қатысты келесі деректер көрсетілуі керек:**

- заңды тұлға немесе оның атынан әрекет ететін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі мәртебесіне ие болуы;
- аккредиттеудің мәлімделген саласында сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін білікті персоналдың болуы;
- сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару құқығында немесе уақытша иеленуде және пайдалануда үй-жайлардың, жабдық пен материалдық ресурстардың болуы;
- оларға сәйкес аккредиттелетін (аккредиттелген) нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беруі.

Өтінімді ұсыну және қарау тәртібі (Заңның 15-бабы):

Өтініш беруші аккредиттеу жөніндегі органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) аккредиттеуге өтінім;
- 2) өтініш берушінің заңды мәртебесін белгілейтін құжаттардың нотариалды түрде куәландырған көшірмелері;
- 3) аккредиттелуге ұсынылатын сала (қағаз және электрондық нұсқада);
- 3-1) сапа жөніндегі нұсқаулық;
- 4) сынау, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларына (орталықтарына), өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған паспорт;
- 5) сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын персонал туралы мәліметтер.

Өтініш беруші өзі таңдап алған нормативтік құжатқа байланысты тиісті ақпарат береді.

Өтінімді қоспағанда, барлық құжаттар екі данада ұсынылады.

Егер өтінім немесе оған қоса берілетін құжаттар белгіленген нысанға сәйкес келмесе не толық көлемде ұсынылмаса, аккредиттеу жөніндегі орган құжаттарды қайтару себептерін көрсете отырып, **олар келіп түскен күннен бастап есептелетін бес жұмыс күні ішінде** пошта арқылы өтініш берушіге кері қайтарады не оның өкіліне қолын қойғызып қолма-қол табыс етеді.

Цифрландырылған кеңсеге еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізу қажет пе

Біздің кеңсеміз цифрландырылған. Бізге еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамадан өту қажет пе? Мекемімізде қандай нұсқама өткізілуі керек? Еңбекті қорғауға қатысты жауапты тұлға тағайындалды, енді мемлекеттік коммуналдық мекеменің нұсқаулығын әзірлеудің регламенті қажет.



Жауап беретін: Аширов А. А., «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы, еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы

Біріншіден. Жұмыскерлерінің саны 50-ден асатын өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында жұмыс беруші ұйымның тікелей бірінші басшысына немесе ол уәкілеттік берген адамға бағынатын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құрады (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің **202-бабының 1-тармағы** (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР ЕК)).

Жұмыскерлерінің саны **50 адамға дейінгі** жұмыс беруші қызметтің ерекшелігін ескере отырып, **еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маман лауазымын енгізеді** не еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді басқа маманға жүктейді (**ҚР ЕК-нің 202-бабының 3-тармағы**).

Өндірістік қызмет дегеніміз – ресурстарды дайын өнімге айналдыру үшін қажетті еңбек құралдарын қолдана отырып, жұмыскерлердің іс-әрекеттерінің жиынтығы, оның ішіне шикізаттың әр түрін өндіру мен өңдеу, әр түрлі қызметтерді ұсыну және жұмыстарды орындау да кіреді (**ҚР ЕК-нің 1-бабының 63) тармақшасы**).

Екіншіден. Жұмыскер жұмыс беруші айқындаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өтуге міндетті (**ҚР ЕК 181-бабы 2-тармағының 8) тармақшасы**).

Жұмыс беруші жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқау беруді, білімдерін тексеруді жүргізуге, сондай-ақ өз қаражаты есебінен өндірістік үдеріс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті (**ҚР ЕК 182-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы**).

Берілген сұрақ бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 **бұйрығымен** бекітілген Жұмыскерлерді, басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша – **Қағидалар**) мен мерзімдерін басшылыққа алған жөн.

Жұмыскерлердің, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша **нұсқама жүргізу тәртібі мен мерзімдері Қағидалардың 4-тарауында** егжей-тегжейлі жазылған.

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мұнда біз құжатта не өзгергенін және қандай жаңа нормалар енгізілгенін түсінуге көмектесетін үзінділерді келтіреміз.

«Азаматтық қорғау туралы»

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы (2021.04.01 өзгерістер және толықтырулармен)

Жалғасы. Басы № 6, 2021

 Құжаттан көшірме

<...>

74-бап. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсаттар беру

1. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат алу үшін өтініш беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, қауіпті техникалық құрылғылардың мақсаты және олардың қолданылу саласы туралы қысқаша ақпаратпен электрондық құжат нысанындағы өтінішті, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, қауіпті техникалық құрылғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптама қорытындысының электрондық көшірмесін ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалары қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсаттар алу үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға:

1) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, қауіпті техникалық құрылғылардың мақсаты және олардың қолданылу саласы туралы қысқаша ақпаратпен өтінішті;

2) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, қауіпті техникалық құрылғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптама қорытындысын ұсынады.

2. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялар, қауіпті техникалық құрылғылар өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган оларды қолдануға арналған рұқсатты жеті жұмыс күні ішінде береді.

3. Пайдалану процесінде қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, қауіпті техникалық құрылғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган оларды қолдануға арналған рұқсатты кері қайтарып алады.

4. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға берілген, кері қайтарып алынған рұқсаттарды есепке алуды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жол берілген, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялар, қауіпті техникалық құрылғылар туралы ақпарат өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға арналған рұқсаттар Қазақстан Республикасының аумағында барлық нарық субъектілері үшін қолданылады және оларды қайта алу талап етілмейді.

Техникалық құрылғылардың құрамына кіретін тораптарды, детальдарды, аспаптарды, жинақтаушы бұйымдарды, қосалқы бөлшектерді қолдануға, сондай-ақ сәйкестікті растау рәсімінен (сертификаттаудан) өткен техникалық құрылғыларға рұқсаттар беру талап етілмейді.

<...>

76-бап. Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздігін міндетті декларациялау

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті міндетті декларациялауға қауіпті өндірістік объектілерді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган бекіткен декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлеріне сәйкес келетін қауіпті өндірістік объектілер жатады.

2. Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы (бұдан әрі – декларация) жобаланатын және жұмыс істеп тұрған қауіпті өндірістік объектілер үшін әзірленеді.

3. Декларация әзірлеуді қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым дербес жүзеге асырады.

4. Декларацияны қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның басшысы бекітеді. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның басшысы декларацияның уақтылы ұсынылуына, онда қамтылған мәліметтердің толықтығына және анықтығына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 26-VII Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Декларацияға тіркеу шифрын беру үшін өтініш беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға электрондық құжаттар нысанында өтініш пен декларацияны береді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарап шығып, декларацияны тіркеу туралы шешім қабылдайды не уәжді бас тартуды ұсынады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган тіркеген декларация өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда электрондық құжат нысанында сақталады.

7. Қауіпті өндірістік объектіні өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган тіркеген декларациясыз пайдалануға тыйым салынады.

8. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациялары тіркелген қауіпті өндірістік объектілер туралы мәліметтер өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

9. Қауіпті өндірістік объектіні жаңғырту немесе қайта бейіндеу жағдайларын қоса алғанда, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсер ететін шарттар өзгерген жағдайда, декларация өзгертілуіне жатады.

Декларацияға өзгерістер енгізілген кезде ол өзгерістер енгізілгеннен кейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қайта тіркелуге жатады.

77-бап. Қауіпті техникалық құрылғыларды және қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою және есептен шығару

1. Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою, есептен шығару үшін қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйым басшысы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру жөніндегі ақпаратты қоса бере отырып өтініш береді.

Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен шығару үшін қауіпті техникалық құрылғыны пайдаланатын ұйым басшысы:

- өнеркәсіптік объектілерде – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтініш береді;
- әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органға өтініш береді.

2. Өтініште есепке қою немесе есептен шығару үшін қауіпті техникалық құрылғыны сәйкестендіру негіздері көрсетіледі.

3. Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен шығару қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен шығару туралы хабарлама беріліп, өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қойған, есептен шығарған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің немесе әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуына қадағалау функциясын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің қауіпті техникалық құрылғыларды есепке алу журналында және қауіпті техникалық құрылғының паспортында тиісті жазба жасалады.

4. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару тәртібін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

78-бап. Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу

1. Екі және одан да көп облыстың шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ стратегиялық объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторымен немесе оның орынбасарларымен келісіледі.

Өзге де қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторымен немесе оның орынбасарларымен келісіледі.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасы республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторымен келісіледі.

2. Өтініш беруші жобалау құжаттамасын келісу үшін:

- 1) жобалау құжаттамасын келісуге жіберу туралы өтінішті;
- 2) жобалау құжаттамасының көшірмесін ұсынады.

Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын қарау және келісу тәртібі қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу қағидаларымен реттеледі.

3. Алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 26-VII Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Жобалау құжаттамасына өзгерістер енгізілген кезде қайтадан келісу жүргізу міндетті.

79-бап. Қауіпті өндірістік объектілердің және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі өзге де ұйымдардың мамандарын, жұмыскерлерін даярлау, қайта даярлау

<...>

4. Қауіпті өндірістік объектінің технологиялық процесіне қатысатын, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын, техникалық қызмет көрсетуді, техникалық куәландыруды, монтаждауды және жөндеуді орындайтын, қауіпті өндірістік объектілерге жұмысқа кіретін, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа тартылатын аттестатталған ұйымдардағы, жобалау ұйымдары мен өзге де ұйымдардағы техникалық басшылар, мамандар және жұмыскерлер:

1) қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыстарды орындайтын жұмыскерлер – ұзақтығы кемінде он сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқытыла отырып, жыл сайын;

2) техникалық басшылар, мамандар мен инженерлік-техникалық жұмыскерлер – ұзақтығы кемінде қырық сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқытыла отырып, үш жылда бір рет даярлауға жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында аталған адамдар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік бағдарлама бойынша оқытуды дербес жүзеге асыра алады.

<...>

8-1. Өзге заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларының басшылары мен мүшелері оқу ұйымының немесе қауіпті өндірістік объектінің оқу орталығының комиссиясына оқу курсы аяқталғаннан кейін тәуелсіздік қағидатын сақтай отырып, үш жылда бір рет емтихан тапсырады.

<...>

80-бап. Аварияларды жою жоспары

<...>

2. Аварияларды жою жоспарында адамдарды құтқару жөніндегі іс-шаралар, қауіпті өндірістік объекті басшылары мен жұмыскерлерінің, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің іс-қимылдары көзделеді.

<...>

4. Аварияларды жою жоспарын қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым басшысы бекітеді және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметімен келісіледі.

81-бап. Оқу дабылдары және аварияларға қарсы жаттығулар

1. Қауіпті өндірістік объектіде ұйым басшысы бекіткен жоспар бойынша оқу дабылдары және аварияларға қарсы жаттығулар жүргізіледі.

Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым оқу дабылдарын өткізу туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне олар өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлайды.

2. Оқу дабылын қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның техникалық басшысы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің өкілдерімен бірлесіп өткізеді.

Аварияға қарсы жаттығу жұмыскерлермен аварияны жою жоспарының әрбір позициясы бойынша өткізіледі.

3. Оқу дабылының, аварияға қарсы жаттығудың қорытындылары актімен ресімделеді. Актіде жазылған ұсыныстардың орындалуын бақылау қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым басшысына жүктеледі.

15-тарау. Қауіпті өндірістік объектілердегі оқыс оқиғаларды, аварияларды тергеп-тексеру және есепке алу

82-бап. Қауіпті өндірістік объектіні пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның оқыс оқиға, авария кезіндегі іс-қимылы

<...>

2. Қауіпті өндірістік объектіні пайдалануды жүзеге асыратын ұйым авария кезінде:

1) орын алған авария туралы жұмыскерлерге, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметіне, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға, ал қауіпті өндірістік факторлар туындаған кезде төтенше жағдайдың есепті аймағына жататын халыққа дереу хабарлайды;

2) аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияға өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті барлық ақпаратты береді;

3) комиссия жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асырады.

83-бап. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру міндеттері

1. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексерудің міндеттері оларға алып келген мән-жайларды анықтау, олардың себептерін, техникалық құрылғыларды, технологиялық процестерді пайдалану шарттарының бұзылу, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылу сипатын анықтау, осындай авариялардың немесе оқыс оқиғалардың салдарын жою және оларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды, авариядан немесе оқыс оқиғадан келтірілген материалдық залалды айқындау болып табылады.

2. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеруді тиісті комиссия жүргізеді.

84-бап. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны құру

1. Аварияны тергеп-тексеру үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі өзінің өкілі басшысы болатын комиссияны құрады.

Аварияға тергеп-тексеру жүргізетін комиссияның құрамына:

- жергілікті атқарушы органның;
- қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметінің өкілдері кіреді.

Комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне аварияның туындағаны туралы ақпарат алынған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынылады.

2. Қауіпті өндірістік объектідегі бестен көп адам қаза тапқан топтық жазатайым оқиға

орын алған аварияны тергеп-тексеруді Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын мемлекеттік комиссия жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қауіпті өндірістік объектідегі аварияны тергеп-тексеру жөніндегі мемлекеттік комиссияны өзге негіздер бойынша да құруға құқылы.

3. Оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруді қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның комиссиясы жүргізеді, оны өзінің техникалық басшысы басқарады.

Оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның өкілдері, сондай-ақ оның басшысының шешімімен өзге де адамдар кіреді.

85-бап. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия, оның өкілеттігі

1. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысы төраға бекіткен бұйрыққа (өкімге) сәйкес жүргізіледі, ол ұйымдастырушылық іс-шараларын орындайды және аварияны немесе оқыс оқиғаны уақтылы, сапалы тергеп-тексеруді және оның нәтижелерін ресімдеуді қамтамасыз етеді.

2. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің:

1) авария немесе оқыс оқиға орнына, қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға және ондағы жұмыстарға тартылған жұмыскерлерге қатысты құжаттар мен материалдарға кедергісіз қол жеткізуге;

2) авария немесе оқыс оқиға орнын қарап-тексеруді және одан әрі зерттеп-қарауды жүргізуге;

3) көзімен көргендерден, жұмыскерлерден және аварияға немесе оқыс оқиғаға қатысы бар өзге де адамдардан сұрауға;

4) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын орындауға және қамтамасыз етуге қатысты құжаттар мен материалдарды зерделеуге;

5) тиісті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан авария немесе оқыс оқиға бойынша құжаттар мен материалдарды сұратуға;

6) аварияларды немесе оқыс оқиғаларды болғызбау, олардың салдарын азайту мақсатында ұсынымдар беруге;

7) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның жұмыскерлері аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияға сұратылатын ақпаратты беруге міндетті.

4. Комиссия төрағасының шешімі бойынша аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеруге техникалық есептеулер, зертханалық зерттеулер, сынақтар, сараптамалар және өзге де іс-шаралар жүргізу үшін мамандар тартылуы мүмкін.

86-бап. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелерін ресімдеу

1. Аварияға тергеп-тексеруді жүргізу қорытындысы бойынша комиссия ол тағайын-

далған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде аварияны тергеп-тексеру актісін жасайды және аварияны тергеп-тексерудің өзге де материалдарын дайындайды.

Аварияға тергеп-тексеруді жүргізу мерзімін комиссияны тағайындаған орган басшысы комиссия төрағасының қызметтік жазбасы негізінде ұзарту себептерін көрсете отырып, бұйрықпен (өкіммен) бір рет қана, бірақ он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

2. Аварияны тергеп-тексеру актісіне комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссия мүшесі аварияны тергеп-тексеру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда комиссия төрағасы аварияны тергеп-тексеру актісіне комиссия мүшелерінің қатысуымен тиісті жазба жүргізеді. Комиссия мүшесінің өзінің ерекше пікірін жазбаша баяндауға құқығы бар, бұл комиссия төрағасы актіге қол қойғанға дейін аварияны тергеп-тексеру актісіне қоса беріледі.

3. Аварияны тергеп-тексеру актісі және өзге де материалдар комиссияның шешімімен қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымға қол қою және осы Заңның 87-бабының 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ комиссияның барлық мүшелеріне жіберу үшін ұсынылады.

4. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы тергеп-тексеру нәтижелеріне әсер еткен, тергеп-тексеру тәртібін бұзу фактілері немесе комиссияның тұжырымдары мен қорытындысын қате деп есептеуге негіздер анықталған жағдайда, аварияны тергеп-тексеру актісін қайта қарау туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Оқыс оқиғаға тергеп-тексеру жүргізу қорытындысы бойынша комиссия оқыс оқиғаны тергеп-тексеру актісін жасайды.

6. Оқыс оқиғаны тергеп-тексеру актісіне комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссия мүшесі оқыс оқиғаны тергеп-тексеру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, комиссия төрағасы оқыс оқиғаны тергеп-тексеру актісіне комиссия мүшелерінің қатысуымен тиісті жазба жүргізеді. Комиссия мүшесінің өзінің ерекше пікірін жазбаша баяндауға құқығы бар, бұл комиссия төрағасы актіге қол қойғанға дейін оқыс оқиғаны тергеп-тексеру актісіне қоса беріледі.

7. Оқыс оқиғаны тергеп-тексеру актісін және өзге де материалдарды комиссияның шешімімен қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым осы Заңның 87-бабының 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ комиссияның барлық мүшелеріне жібереді.

8. Аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру актісінде мыналар көрсетіледі:

- қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым туралы мәліметтер (заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері, дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы);
- қауіпті өндірістік объектінің атауы, оның орналасқан жері;
- аварияның немесе оқыс оқиғаның себептері мен мән-жайлары;
- келтірілген зиянның (залалдың) мөлшері;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының жол берілген бұзушылықтары;
- аварияны немесе оқыс оқиғаны және оның салдарын оқшаулау мен жою бойынша қабылданған шаралар;

- аварияны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жүргізілуге тиіс іс-шаралар;
- қауіпті өндірістік объектіні пайдалану кезінде осындай аварияларды немесе оқыс оқиғаларды болғызбау жөніндегі ұсыныстар;
- комиссияның шешімі бойынша авария немесе оқыс оқиға туралы өзге де мәліметтер.

87-бап. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның аварияға тергеп-тексеру жүргізілгеннен кейінгі іс-қимылы

1. Аварияны тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым күнтізбелік он күн ішінде аварияның салдарын жою және мұндай аварияларды болғызбау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.

2. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым бес жұмыс күні ішінде аварияның салдарын жою және мұндай аварияларды болғызбау жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жібереді.


3. Авария техникалық құрылғылардың конструкциялық кемшіліктерінен туындаған жағдайда, қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым дайындаушыға – рекламацияны, ал оның көшірмесін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жібереді.

4. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым комиссияның шешімі бойынша аварияны тергеп-тексеру актісін және өзге де материалдарды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшесіне, сондай-ақ заңды негіздер болған кезде құқық қорғау органдары мен мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

<...>

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне Баптар бойынша практикалық түсіндірме (№ 2 шығарылым)



Түсіндірме авторларының құрамына түсіндірмелері еңбек заңнамасының нормаларын дұрыс қолдануға себеп болатын, тәжірибеші заңгерлер, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің еңбек қатынастары, жалақы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мамандары кірді.

Көліктік бақылау-өткізу пункттерінде және объектінің аумағына өзге де кіреберістерде қоршауда олардың жабық күйде мығым бекітілуін қамтамасыз ететін конструкциясы бар қақпалар жабдықталады.

Қақпалар мен шарбақ қақпалардың құлыптау және бекіту құрылғылары қиратушы әсер етуден қажетті қорғауды қамтамасыз етуі, су, қар, бұршақ, құм және басқа факторлар тікелей әсер еткен кезде осы климаттық аймаққа тән қоршаған ауаның температурасы мен ылғалдылығы диапазонында жұмыс қабілетін сақтауы тиіс.

74. Техникалық тексеріп-қарау құралдары объектілерде қаруды, объектіге және объектіден санкциясыз енгізуге (шығаруға), әкелуге (әкетуге) тыйым салынған басқа да бұйымдар мен заттарды табу үшін қолданылады.

Объектіні техникалық тексеріп-қарау құралдарымен жарақтандыру объектілерге тән қатерлерге, оның жұмыс істеу ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс.

75. Объектілердің периметрі бойынша қауіптілігі жоғары учаскелер болған кезде, егер Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, объектілер көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтату мақсатында таранға қарсы құрылғылармен жабдықталады.

76. Қажет болған жағдайда объектілерде күзет бөлімшелерінің және (немесе) олардың қарауылдарының үй-жайлары жабдықталады, оларды ғимараттардың бірінші қабатында орналастыру ұсынылады. Бұл ретте үй-жайдың конструкциясы тиісті санаттағы ғимараттардың конструкциясына қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

77. Объектінің қоршауына тікелей іргелес жатқан аумақта, қажет болған жағдайда, объектіге санкциясыз енуді анықтау үшін тойтару аймағы жабдықталады.

Тойтару аймағының ені техникалық күзет құралдарын табу аймағының енінен артық болуға тиіс.

78. Қажет болған жағдайда объектілерде күзетілетін аумақтың периметрінен өткен тәртіп бұзушының ену іздерін анықтау мақсатында бақылау-із кесу жолағы орналастырылады.

Бақылау-із кесу жолағы, әдетте, тойтару аймағында орналасады.

79. Қорғалатын аумақтың ауданы үлкен болған жағдайда көріністі ұлғайту және жақсы көрінуі үшін объектілер бақылау мұнараларымен жабдықталуы мүмкін.

Мұнараның биіктігі және ол орнатылатын орын жер бедеріне, конфигурациясына және жергілікті жағдайларға байланысты анықталады.

Мұнараның конструкциясы күзетшіні атыс қаруымен зақымдаудан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

80. Пилотсыз ұшу аппараттары, оның ішінде квадрокоптерлер арқылы террор құралдарын жеткізуге және қолдануға байланысты қауіп-қатерлер өзекті объектілерге пилотсыз ұшу аппараттарына қарсы іс-қимыл жүйесін қарастыру ұсынылады.

81. Осы параграфта көрсетілген инженерлік-техникалық жабдықпен:

- 1) су шаруашылығының объектілері объектінің ықтимал қауіпті учаскелерінде ғана;
- 2) «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қауіпті өндірістік объектілерге жатқызылған объектілер өндірістік қауіпсіздік саласындағы заңнаманы ескере отырып жарақтандырылады.

3-параграф. Адамдар көп жиналатын объектілерді жарақтандыру

82. Объектідегі, оның ықтимал қауіпті учаскелеріндегі ахуалды бақылауды жүргізу, сондай-ақ жағдайды бағалау және бұзушылардың әрекеттерін тіркеу үшін санкциясыз ену фактісін көзбен шолып растау мақсатында объектілер телевизиялық күзет жүйелерімен жарақтандырылады.

Жеке ғимаратты (ғимараттар кешенін) алып жатқан объектіде телевизиялық күзет жүйесімен:

- 1) объектіге іргелес жатқан аумақтың периметрі;
- 2) бақылау-өткізу пункттері (бар болса);
- 3) тексеріп қарау үй-жайлары (бөлмелері) және көлікті тексеріп қарау аймақтары (бар болса);

- 4) негізгі және қосалқы есіктер;
- 5) объектіде адамдардың жаппай болуы мүмкін орындар жабдықталады.

Ғимараттың бір бөлігін алып жатқан объектіде бейнебақылау жүйесімен:

- 1) объектіде адамдардың жаппай болуы мүмкін орындар;
- 2) негізгі және қосалқы есіктер (бар болса) қамтылуы қажет.

Телевизиялық күзет жүйесі:

1) көрнекі ақпаратты күзет бөлімшесінің арнайы бөлінген үй-жайындағы жергілікті бақылау пунктiнiң не орталықтандырылған күзет пунктiнiң мониторларына автоматтандырылған режимде беруді;

2) оқиғаларды кейіннен талдау үшін бейнеақпаратты сақтауды қамтамасыз етуі тиіс (ақпаратты сақтау мерзімі 30 тәуліктен кем болмауы тиіс).

83. Адамдар көп жиналатын объектілер штаттан тыс жағдайдың туындауы (терроризм актісінің жасалуы немесе жасалу қаупі және туындаған салдары туралы) және олардың іс-қимылын үйлестіру туралы объект персоналы мен келушілерді жедел хабардар ету мақсатында хабардар ету жүйелерімен және құралдарымен жабдықталады.

Объектінің персоналы мен келушілерді хабардар ету техникалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады, олар:

1) ғимараттарға, үй-жайларға, объект аумағының адамдар үнемі немесе уақытша болатын учаскелеріне дыбыс және (немесе) жарық сигналдарын беруді;

2) қауіптілік сипаты, эвакуациялау қажеттілігі мен жолдары, объектінің персоналы мен келушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-қимылдар туралы ауызша ақпаратты трансляциялауды қамтамасыз етуі тиіс.

Хабарлағыштардың саны және олардың қуаты адамдар үнемі немесе уақытша болатын барлық жерлерде қажетті естілуді қамтамасыз етуі тиіс.

84. Тиісті сала (ведомство) үшін маңызды нұсқаулықтарда айқындалатын адамдар сыйымдылығының (болу мүмкіндігінің) сандық көрсеткіштері бар адамдар көп жиналатын объектілер міндетті түрде: күзет қызметі субъектілерін орталықтандырылған бақылау пультіне жасырын сигнал беруге мүмкіндік беретін ұтқыр не стационарлық дабыл беру құралымен («дабыл түймелері») жарақтандырылуы тиіс.

85. Адамдар көп жиналатын объектілер 82 және 83-тармақтарда көзделген іс-шараларға қосымша:

1) функционалдық ерекшеліктері мен сыйымдылығының сандық көрсеткіштеріне сүйене отырып, объектілерде қаруды, объектіге және объекіден санкциясыз енгізуге (шығаруға), әкелуге (әкетуге) тыйым салынған басқа да бұйымдар мен заттарды табу мақсатында техникалық тексеріп қарау құралдарымен жарақтандырылады;

2) мақсатын ескере отырып, объектілердің ғимараттарына, үй-жайлары мен аймақтарына санкцияланған кіруді және (немесе) олардан шығуды қамтамасыз ету мақсатында объектілер кіруді бақылау және басқару жүйесімен жабдықталады;

3) объектіге келушілерді басып кету қаупін болдырмау үшін олардың орналасуына (кіру топтары, адамдар жаппай болуы мүмкін ашық орындар) және көлік құралдарының қозғалысы жолдарына қатысты кірме жолдарға байланысты таранға қарсы құрылғылармен жабдықталуы мүмкін;

4) қауіптілігі ықтимал учаскелердің болуына байланысты күзет сигнализациясы жүйесімен жарақталады.

¹ Осы жерде және бұдан әрі объектінің белгілі бір жағдайларда 25-тен астам адам болуы мүмкін үй-жайлары мен алаңдары. Объектілердегі техникалық құжаттарда орын (үй-жай) үшін сыйымдылық көрсеткіші болмаған жағдайда, адамдардың болуы мүмкін санын есептеу үй-жайдың (алаңның) жалпы ауданынан бір адамға 1,5 м² есебінен жүзеге асырылады.

Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға
1-қосымша

Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың мазмұнына қойылатын негізгі талаптар

1. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты (бұдан әрі – нұсқаулық), орталық мемлекеттік орган, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган салалық қауіпсіздік талаптарының ерекшелігіне, объектілердің ерекшеліктеріне, сондай-ақ осы объектілерге тән қауіптерге қарай осы талаптардың негізінде өз бетінше әзірлейді.

2. Нұсқаулықтың тақырыбы мен мәтінінде объектілер қарауына жататын мемлекеттік органның толық атауы жазылады немесе мемлекеттік орган басшылықты жүзеге асыратын қызмет аясы (саласы) көрсетіледі.

3. Нұсқаулықта мынадай тараулар болуы тиіс:

1-тарау. «Жалпы ережелер».

2-тарау. «Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар».

3-тарау. «Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар».

4-тарау. «Террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған террористік акт нәтижесінде туындайтын техногендік қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар».

5-тарау. «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және онымен жұмыс істеуге қойылатын талаптар».

6-тарау «Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыруға қойылатын талаптар».

Қосымшалар.

4. «Жалпы ережелер» деген тарау мыналарды қамтиды:

1) нұсқаулықты әзірлеу үшін негіздеме;

2) нұсқаулықтың қолданылу саласы (қандай объектілерге қолданылады);

3) нұсқаулықтың ұғымдық аппараты;
4) объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары мен шарттары.

5. «Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар» деген 2-тарау мыналарды қамтиды:

1) өткізу режимінің мақсаты;

2) объектінің ерекшелігін ескере отырып, ондағы өткізу режимін ұйымдастырудың ерекшеліктері (кіру аймақтарын бөлу қажеттігі, келушілерді өткізу, объектіге алып өтуге тыйым салынған заттардың тізбесін анықтау қажеттігі мен мақсаты және басқалары);

3) өткізу режимін қамтамасыз ету бойынша негізгі іс-шаралар (қажет болған жағдайда өткізу режимінің қағидаларын, террористік тұрғыдан осал объектілерді күзетуді және қорғауды іске асыратын физикалық күзет бекеттерін қою);

4) өткізу режимін қамтамасыз етуге тартылатын бөлімшелер;

5) өткізу режимінің ұйымдастырылуын сипаттайтын өзге мәселелер.

6. «Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар» деген 3-тарау мыналарды қамтиды:

1) сабақтарды өткізу мақсаттары мен нысандары;

2) сабақтарды өткізу мерзімдері мен кезеңділігі;

3) әртүрлі адамдар тобымен сабақтарды ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері;

4) профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларының ұйымдастырылуын сипаттайтын өзге де мәселелер.

7. «Террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған террористік акт нәтижесінде туындайтын техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар» деген 4-тарау:

1) объектілердің меншік иелерінің, иелерінің, басшыларының объектіде терроризм актісін дайындау немесе жасау туралы хабарлама алған кездегі іс-қимылын;

2) уәкілетті органдарға объектінің қауіпсіздігіне ықтимал қауіптер, объектідегі терроризм актілерінің жасалуы туралы хабарлау үшін мәліметтерді;

3) террористік қауіптіліктің әртүрлі деңгейлері анықталған кезде дағдарыстық жағдайларды оқшаулау функцияларын орындайтын және жеке құрам мен қауіпсіздік бөлімшелерінің құрамындағы адамдарды анықтау жөніндегі ұйымдастырушылық шараларын және олардың іс-қимылдарын (бастапқы ден қою шараларын);

4) өзара іс-қимылдың ұйымдастырылуын сипаттайтын өзге де мәселелерді анықтайды.

8. «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және онымен жұмыс істеуге қойылатын талаптар» деген 5-тарау:

1) объектілердің паспорттарын әзірлеуді;

2) объектілердің паспорттарын есепке алуды;

3) объектілердің паспорттарын сақтауды, оларды жедел штабқа беруді;

4) объектілердің паспорттарын жоюды анықтайды.

9. «Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыруға қойылатын талаптар» деген 6-тарау мыналарды қамтиды:

1) объектілер тобын айқындау (орындалатын тапсырмалардың ерекшелігі, персонал мен келушілердің саны, орналасқан орны, оларға тән қауіптер бойынша біртекті);

2) объектілердің топтарын инженерлік-техникалық құралдармен жарақтандыру (та-лаптарға сәйкес міндетті, терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті, ал-мастыратын және қосымша (қажет болған жағдайда);

3) инженерлік-техникалық жабдықтардың негізгі сипаттамалары: нені қамтамасыз ету керек; қажет болған жағдайда материалдар мен өндіріс түрлері, орналастыру ерек-шеліктері, оларды орнатуға қажетті инженерлік шешімдер, монтаж алаңдары, сандық және сапалық көрсеткіштер, құрылғылар типтері және өзге де қажетті сипаттамалар;

4) объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға негізделген өзге де мә-селелер.

10. Нұсқаулыққа қосымшалар мыналарды қамтиды:

- 1) сабақтар тақырыбының нұсқалары;
- 2) сабақ өткізу туралы есеп беру нысандары;
- 3) әртүрлі объектілердегі адамдар тобының террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатерлерге әрекет ету алгоритмдері;
- 4) объектіге алып өтуге тыйым салынған заттардың тізбесі (қажет болған жағдайда);
- 5) өзгелер (қажет болған жағдайда).



**Арнайы
жағдайларда
жазылуға
үлгеріңіз**


«ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – бұл нарықта теңдесі жоқ, күн сайын жаңарты-латын, көп функциялы анықтамалық-сараптамалық жүйе, кадр қызметінің қызметкерлеріне, еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға, іс қағаздарын жүргізушілерге кешенді ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуге арналған, оған қолжетімділік Интернет арқылы тәулігіне 24 сағат бойы онлайн-режимде жүзеге асырылады.

ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ-ндегі барлық ақпарат екі: мемлекеттік және орыс тілінде берілген.

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – БҰЛ:

- кез келген кадрлық құжаттаманы дайындау кезіндегі ақпаратшы және көмекші;
- сарапшылардың әр түрлі жағдайлар бойынша түсіндірмелері;
- кадрлық қызметті ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың үлгілері мен мысалдары;
- тұрақты жаңартылатын нормативтік база;
- қойылған сұрақтарға осы саладағы сарап-шылардан өз уақытында жауап алу мүмкіндігі.



**ТЕГІН ІШІНАРА
ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ
www.vip-kadry.mcfr.kz
сайтында алуға
болады**

Жазылуды
8 (727) **323-62-12/13/29** (ішкі 137) телефоны
немесе e-mail: **callcentr@mcfr.kz**
бойынша ресімдеуге болады

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді

«Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін, оның ішінде атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № 1 бұйрығы

Күшіне енді: 2021.26.01

Соңы. Басы № 4, 5, 6-санда, 2021

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2021 жылғы 11 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
4-қосымша

Электролиз әдісімен алюминий өндіру кезіндегі қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері 1-тарау. Қолданылу саласы

1. Осы Электролиз әдісімен алюминий өндіру кезіндегі қоршаған ортаға эмиссиялар техникалық үлестік нормативтері (бұдан әрі – нормативтер) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 26-3) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әрі Қазақстан Республикасындағы тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда алға қойылған қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі міндеттерді ескере отырып әзірленді.

Нормативтер тізбесі осы нормативтерге 1-қосымшада келтірілген ең озық қолжетімді технологияларды ескере отырып, пайдаланылатын шикізаттың түріне қарамастан, криолитті алюминий тотығы балқымасынан алюминийді электролиздеу өндірісі кезінде қолданылатын процестер (бұдан әрі – процестер) үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін белгілейді.

2. Электролиз әдісімен алюминий өндіру процестеріндегі қауіпті факторларға (қауіп-терге) шикізат пен материалдарды беру, алюминийді электролиттік алу, құю, футеровканы қағу, күйдірілген анодтар өндіру, шойынды балқыту, анодтарды құю, электролитті ұсақтау, күйіндіні ұсақтау, шойын құю, анодтарды ораудан шығару негізгі бөлімшелерде: алюминий электролизі және күйдірілген анод өндіруде жүзеге асырылатын күйіндіні салқындату процестерінен шығарылатын эмиссиялар жатады.

Күйдірілген анод өндірісі электролиз әдісімен алюминий өндірудің негізгі процесінің қатар жүретін процесі болып табылады.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы нормативтерде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) алюминийді электролит жолымен алу – катодта (сұйық алюминийде) алюминий катиондарының разрядымен және металл алюминийді қалпына келтірумен, ал оттегі иондарының – CO_2 және CO қоспасының түзілуімен көміртекті анодта криолитті алюминий тотығы балқымасының (электр тоғының әсерімен, температурасы шамамен $950\text{ }^\circ\text{C}$ кезінде) электр химиялық бөліну процесі;

2) аэрациялық фонарь – жылуды, шаңды, түтінді және газдарды бөле отырып, металлургия және химия өнеркәсібінің өндірістік ғимараттарын жалпы алмасу вентиляциясымен қамтамасыз етуге және табиғи жарықпен жарықтандыруға арналған жабындылардағы саңылаудың үстіндегі шыныланған құрылғылар;

3) алюминий – электролиз процесінің нәтижесінде катодта бөлінетін және электролиздерден алынатын техникалық сападағы металл алюминий (шикізат алюминий, бастапқы алюминий);

4) алюминий электролизі цехы – технологиялық процесті жүргізуге арналған жабдықпен жарақталған электролиз корпустары мен құю бөлімшесінің ғимараттары, газ тазалау қондырғылары кіретін өндірістік ғимараттардың жиынтығы;

5) ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) – пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері қамтамасыз етілетіндей деңгейге дейін азайтуға бағытталған, ұйымдастыру және басқару шараларын қамтамасыз ететін техника және жабдық;

6) криолитті алюминий тотығының балқымасы – балқытылған криолит (Na_3AlF_6) және фторидтер (алюминий фториді (AlF_3), кальций фториді (CaF_2), магний фториді (MgF_2)) қоспасында ерітілген алюминий тотығы (Al_2O_3);

7) күйдірілген анодтар – шамамен $1100\text{ }^\circ\text{C}$ температура кезінде алдын ала күйдірілген блоктар (ұсақталған күйінді қосылған кокс пен байланыстырғыш пектің қоспасы);

8) күйінді – электролиз процесіне енбейтін, өндірістік өнім болып табылатын анодтың бөлігі;

9) қосалқы жабдық – материалдарды жинау, сақтау, тасымалдау, отын дайындау, шаң ұстау, газ тазалау қондырғылары үшін пайдаланылатын аппараттар, агрегаттар; автоматика, бөгеу, бақылау және қорғау аспаптары мен құрылғылары, түтін шығаратын құбырлар;

10) ластаушы заттар мен қалдықтардың негізгі түрлері – алюминий мен анодтарды электролиздік өндіру кезінде қолданылатын процестерде түзілетін ластағыш заттар мен қалдықтар;

11) негізгі жабдық – электролизерлер, кедергінің электропештері (миксерлер), құю машиналары, «жасыл» анодтар өндіруге арналған қондырғылар, анодтарды күйдіруге арналған пештер;

12) отын – жағу кезінде жылу энергиясын алу мақсатында қолданылатын жанғыш заттар (қатты, сұйық немесе газ тәріздес);

13) сазбалшық – алюминий оксидінің әртүрлі модификацияларынан тұратын кристалды гигроскопиялық ұнтақ;

14) су айналымының тұйық циклі немесе сумен жабдықтау айналымы жүйесі – өңделген суды өндірістік мұқтаждарға кезең-кезеңімен тазартылғаннан, салқындатылғаннан және өңделгеннен кейін оны қайта беру жүйесі;

15) түтінді (қайтпалы) газдар – электролизерлерде анодтың тотығуы нәтижесінде пайда болатын газдар; пеште отынның жануы және технологиялық материалдың жануы нәтижесінде пайда болатын газдар;

16) түтін құбыры – атмосфераға тазартылған түтін газдарын тартуға және шығаруға арналған құрылыс;

17) шикізат – өнімдерді алудың технологиялық процесінде қолданылатын кез келген дайындалған материал: күйдірілген анодты күйіктер, электролит, көмір шаңы, алюминий сынығы және т. б.;

18) электролиз әдісімен алюминий өндіру процестері – металл алюминийін бөлу арқылы алюминий тотығының электролиттік ыдырауының бірізді процестері; сұйық алюминийді кейіннен құю және сарқу арқылы тауарлық алюминий алынады;

19) электролиз ваннасы немесе электролизер – электр тоғының электролизі өткен кезде электрохимиялық тотығу-қалпына келтіру процестерін орындауға арналған, катодты және анодты құрылғыдан тұратын арнайы электртехнологиялық жабдық;

20) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері – шығарылатын өнімнің бірлігімен немесе уақыт бірлігімен немесе ел экономикасы үшін оңтайлы шығындар жұмсалған кезде нақты техникалық құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндігімен анықталатын басқа көрсеткіштермен қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялардың шамалары.

3-тарау. Қазақстан Республикасында өндірісті орналастыру шарттары

4. Қазақстан Республикасының аумағында осы осы нормативтерде белгіленген нормалардан аспайтын негізгі жабдықтан ластаушы заттар мен қалдықтардың қоршаған ортаға эмиссияларының техникалық үлестік нормативтерін қамтамасыз ететін алдын ала күйдірілген анодтары бар криолитті алюминий тотығы балқымасынан электролиз әдісімен алюминий өндірісін орналастыруға рұқсат етіледі.

4-тарау. Технологиялық процестің сипаттамасы

5. Алюминий өндірісі криолитті алюминий тотығы балқымасындағы алюминий оксидінің электролиттік ыдырауына негізделген және алюминий электролизі цехының негізгі жабдығы болып табылатын электролизерлерде жүзеге асырылады.

6. Алюминий құймаларын құюдың технологиялық процесіне мынадай операциялар кіреді:

- электролиздік корпустардан құю бөліміне вакуумдық шөміштерде шикізат алюминийдің келіп түсуі;

- сұйық алюминийді вакуумдық шөміштерден миксерге құю;
- сұйық алюминийді араластыру;
- сұйық алюминийдің температурасын бақылау және реттеу;
- алюминий құймаларын үздіксіз құю;
- алюминий құймаларын қаттау және пакеттерге орап байлау;
- ішінде құймалар бар пакетті өлшеу;
- тауарлық алюминий құймаларын тексеру.

Алюминий құймаларын құюдың технологиялық процестерінің тізбесі осы нормативтерге **1-қосымшада** келтірілді.

7. Металды құю барысында алюминий құймалары салқындайды, қатаяды, блоктарға тоғанақталады. Бұл блоктар құймалар толық салқындағанша тұндырылады.

8. Тапсырыстарға сәйкес дайын өнімнің тиеуге дайын топтамасы қалыптасады.

9. Кәсіпорынның өндірістік цехтері мен бөлімшелері негізгі технологиялық процестерді үздіксіз жүргізу үшін қабылдаған қажет технологиялық процестерге сәйкес қосалқы өндірістердің жұмыстарын жүргізу талап етіледі, оларға жатуы мүмкін:

- кәсіпорынды ауыр техникамен, жеңіл автокөлікпен қамтамасыз етеді және зауыттық теміржол және автомобильдік көліктің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін көлік цехы;
- зауыттың өндірістік ғимараттары мен құрылыстарын жөндеу және күтім жасау жұмыстарын жүргізетін, сондай-ақ зауыттың негізгі және көмекші жабдықтарына ағымдағы және күрделі жөндеулер жүргізетін, электрлік және энергетикалық желілерді, электрлік және энергия жабдықтарын пайдаланумен және жөндеумен айналысатын жөндеу цехы;
- кәсіпорынға келіп түсетін шикізаттың, материалдардың, сондай-ақ шығарылатын өнімнің сапасын бақылайтын, бақылануы тиіс атмосфералық ауаны ластау көздерінде өндірістік экологиялық мониторинг жүргізетін, сондай-ақ санитарлық-қорғау аймағының шекарасында атмосфералық ауаның сапасын бақылайтын зертханалар;
- әкімшілік-тұрмыстық орынжайлар;
- шикізат материалдары мен өзге материалдарды орналастыруға және сақтауға арналған, ашық және жабық типті қойма алаңдары;
- газ тазарту қондырғысының учаскелері зауыттың газ тазартқыш жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге арналған;
- сығылған ауа және жылу өндіретін цехтар;
- кәсіпорында шыққан өрттерді сөндіру, көмек көрсету, апаттарды жою және құтқару жұмыстарын жүргізу үшін арналған өртке қарсы қауіпсіздік отряды.

5-тарау. Қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген техникалық үлестік нормативтері

5.1-параграф. Қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін есептеу

10. Осы нормативтерде өндірістік процестерді жүргізген кезде атмосфералық ауаға шығарылатын заттар бойынша, сондай-ақ кәсіпорында түзілетін қалдықтар бойынша мөндер келтірілген.

11. Шығарындылар мен түзілетін 1 тоннаға шаққандағы үлестік көрсеткіштерінің шамалары қолданылатын өндіріс технологиясына, пайдаланылатын шикізатқа және осы нормативтерде келтірілген басқа да көрсеткіштерге байланысты.

Кәсіпорынның өнімділігіне қатысты эмиссиялардың үлестік көрсеткіштерінің шамалары алынатын жалпы өнімнің тоннасына шаққандағы көрсеткіштерге негізделе отырып анықталады және мына формулалар бойынша есептеледі:

Ластаушы заттардың атмосфералық ауаға бір жылдық шығарындалы мен жиындары және кәсіпорында қалдықтардың түзілу көлемдерінің мөлшері, $U_{в.о}$, тонна/жыл, мынаны құрайды:

$$U_{в.о} = n_{в,с,о} * P$$

мұндағы $n_{в,с,о}$ – эмиссиялардың (ЛЗ, төгінділер, шығарындылар) үлестік нормативтерінің көрсеткіші, тонна;

P – жалпы кәсіпорын бойынша нақты өнімділік, тонна/жылына.

12. Формула зиянды заттардың шығарындысының немесе түзілетін қалдықтардың салмағын кәсіпорындағы уақыт бірлігімен анықтау үшін және алынған деректерді белгіленген үлестік нормативтермен алдағы уақытта салыстыру үшін пайдаланылады.

13. Осы нормативтерде белгіленген эмиссиялардың үлестік нормативтеріне ең озық қолжетімді технологияларды қолдану және енгізу есебінен жетуге болады.

5.2-параграф. Атмосфералық ауаға эмиссияларға қойылатын талаптар

14. Электролиз өндірісінің негізгі жабдығының жұмысынан және анодтарды күйдіруден атмосфералық ауаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері алдын ала күйдірілген анодтары бар электролизерлерді пайдаланатын жұмыс істеп тұрған, жаңадан іске қосылатын және қайта жаңартылатын кәсіпорындар үшін қатты бөлшектер мен газ тәрізді қоспаларды қоса алғанда, алты негізгі зат бойынша белгіленеді.

15. Қатты бөлшектер эмиссияларының техникалық үлестік нормативтері екі зат үшін белгіленеді: Al_2O_3 алюминий оксиді (алюминийге қайта есептегенде, бейорганикалық фторидтер).

16. Атмосфераға газ тәріздес қоспалар эмиссияларының техникалық үлестік нормативтері төрт көрсеткіш үшін белгіленеді: күкірт диоксиді (SO_2), көміртегі тотығы (CO), газ тәріздес аралас фторидтер (HF), азот тотығы (NO_x).

17. Бастапқы алюминийдің өндірісі кезінде ластаушы заттарды түзетін қосалқы өндірістен шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері кәсіпорын бойынша қосу арқылы тағайындалады.

18. Ұшпа газдардағы қатты және газ түріндегі ластаушы заттардың құрамын бақылау газ жүретін жолдарда, атмосфералық ауаға жиынтық эмиссияларды одан кейінгі қайта есептеумен газ тазарту құбырларында тікелей өлшеумен жүргізіледі. Алюминийді және күйдірілген анодтарды электролиттік өндірген кезде ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу әдістерінің бірі ретінде ластаушы заттардың бөлінуінің үлестік көрсеткіштері (кг/т), шикізат пен отын компоненттерінің орташа құрамы (түсімі, шығыны), газ тазартқыш жүйенің технологиялық параметрлері мен көрсеткіштері қолданылатын есептеу әдісі табылады.

19. Жұмыс істеп тұрған, қайта жаңартылатын және жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін осы нормативтердің **2 және 3-қосымшаларына** сәйкес көрсетілген қоршаған ортаға негізгі жабдықтарға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалады.

20. Осы нормативтерде айқындалған эмиссиялардың үлестік нормативтеріне ең озық қолжетімді технологияларды енгізу есебінен, процестегі ұсталған технологиялық тозанды одан кейінгі қайтарумен газ және тозаң тазартудың торабы жабдығын қоса алғанда, техникалық және технологиялық шешімдер жүйесін енгізу есебінен қол жеткізіледі.

21. Күйдіру пештерінен қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері осы нормативтердің **2 және 3-қосымшаларында** белгіленген.

22. Негізгі және қосалқы өндірістен түзілетін және өндірістің жұмысының нәтижесінде атмосфералық ауаға шығарылатын қалған ластаушы заттар 2,51 кг/т сәйкес келеді.

5.3-параграф. Сарқынды сулар эмиссияларына қойылатын талаптар

23. Жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын және жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін негізгі жабдықтың су айналымының тұйық циклі міндетті түрде қарастырылады.

24. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың аумағында нөсер суы мен қар суы мамандандырылған жинақтауыштарға жиналады, ластаушы заттардың шығарындыларының жалпы көлемі 0,14 кг/т (нс) аспауы тиіс.

5.4-параграф. Электролиз әдісімен алюминий өндіру қалдықтарын орналастыру (сақтау) немесе көму кезіндегі эмиссияларға қойылатын талаптар

25. Қоршаған ортаға шығарылатын қалдықтардың эмиссияларының техникалық үлестік нормативтері негізгі жабдықтан шығарылатын жеті негізгі қалдық үшін тағайындалады.

26. Қосалқы цехтар мен бөлімшелердің жұмысында түзілетін эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері барлық орналастырылған қалдықтардың мөлшері бойынша анықталады.

27. Өндіріс қалдықтарын жинау, орналастыру (сақтау) немесе көму кезінде қойылатын экологиялық талаптар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының нормаларына және осы нормативтерге сәйкес келеді.

28. Кәсіпорынның аумағында қоймаланатын өндіріс қалдықтарында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қалдықтар қауіпсіздігінің төлқұжаты бар.

29. Алюминийді өндіру және анодтарды күйдір процесінің нәтижесінде түзілген қауіпті қалдықтар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған уақытша сақтау немесе тұрақты орналастыру орындарында сақталуы (орналастырылуы) тиіс. Қалдықтар түзілген сәттен бастап кәсіпорындар олармен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

30. Жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын және жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін осы нормативтердің **4-қосымшасында** көрсетілген қалдықтарды жинаудың, орналастырудың (сақтаудың) немесе көмудің техникалық үлестік нормативтері орындалады.

31. Негізгі және қосалқы өндірістен түзілген және кәсіпорынның аумағында жиналуы, орналастырылуы (сақталуы) немесе көмілуі тиіс қалған қалдықтардың әртүрлі түрлері бойынша орналастырудың үлестік нормативтерінің көрсеткіші 24,75 кг/т-дан аспауы тиіс.

5.5-параграф. Қоршаған ортаға физикалық әсерлер

32. Алюминий өндіру үшін негізгі және қосалқы жұмыстарды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген қоршаған ортаға физикалық әсердің нормаларын ұстанады.

Физикалық ластану – бұл қоршаған ортаның физикалық параметрлерінің өзгеруімен байланысты ластану. Физикалық әсерлер болып қоршаған ортаны жылумен, жарықпен, шуммен, электромагниттік, радиоактивті, радиациялық ластау табылады.

Дыбыс қысымының рұқсат етілген деңгейлері, дБ (дыбыстық қысымның баламалы деңгейлері, дБ) және өндірістік кәсіпорындар дыбысының ең жоғары деңгейі адамға әсер ететін физикалық факторларға қатысты гигиеналық талаптарға сәйкес келеді.

33. Инфра- және ультра дыбыстың, шудың, жалпы немесе жергілікті дірілдің, тондаушы және иондамайтын сәулеленудің көзі болып табылатын жабдықтың маңайындағы жұмыс орындарында шекті ұйғарынды деңгейден асып кетуіне жол берілмейді.

34. Өндірістік нысандарда өндірістік (ведомстволық) бақылау жүргізіледі, оны өндірістік немесе тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады. Өндірістік нысандарда жүргізілетін өндірістік бақылау туралы ақпарат тиісті аумақтағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы мемлекеттік органның ведомствосының аумақтық бөлімшесіне беріледі.

35. Физикалық әсер ету көздері орналасқан жаңа және реконструкцияланатын нысандарда орынжайлардың ішінде, жұмыс орындарында, сондай-ақ тұрғын үй құрылыстарының айналасындағы аумақта әсерін төмендетуге бағытталған іс-шаралар қарастырылады.

6-тарау. Қолданысқа енгізу тәртібі мен мерзімдері

36. Осы нормативтер бекітілген сәттен бастап жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін осы нормативтердің **2, 3 және 4-қосымшаларында** көрсетілген қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалады.

37. Жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын және жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін осы нормативтердің **2, 3 және 4-қосымшаларында** көрсетілген қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалады.

Жұмыс істеп тұрған және реконструкцияланатын кәсіпорындарға олар үшін жобаларда белгіленген шекті рұқсат етілген эмиссияларды орындауға және/немесе кәсіпорын үшін бекітілген Ең озық қолжетімді технологиялар енгізу бағдарламасында көрсетілген мерзімдерде қоршаған ортаға әсерді бағалауға жол беріледі.

Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидаларының жаңа редакциясы

«Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 284 Қаулысы (2021.14.05 өзгерістермен)

Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Атом энергиясын пайдалану туралы» 2016 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын (бұдан әрі – сараптама) жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Сараптаманы қаржыландыру пайдаланушы ұйымның қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

2-тарау. Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу тәртібі

3. Сараптаманы Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтің осы түрін жүзеге асыруға атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) аккредиттелген ұйымдар (бұдан әрі – аккредиттелген ұйым) жүргізеді.

4. Сараптама:

1) ядролық қондырғыларды, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық қондырғыларды орналастыру және салу алаңдарын таңдау жөніндегі жобалау құжаттамасына;

2) ядролық қондырғылардың, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық қондырғылардың жобалау және пайдалану құжаттамасына;

3) ядролық қондырғыларды, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық қондырғыларды техникалық жаңғыртуға арналған жобалау құжаттамасына;

4) ядролық қондырғыларды, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық қондырғыларды пайдаланудан шығару жөніндегі жобалау және пайдалану құжаттамасына жүргізілуге тиіс.

5. Сараптама ядролық және радиациялық қондырғылардың жүйелерінде, жабдығында, жобалау және пайдалану құжаттамасында ядролық қауіпсіздікті және (немесе) радиациялық қауіпсіздікті, (және) немесе ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты өзгерістер болған кезде қайта жүргізіледі.

Пайдаланушы ұйым бір мезгілде уәкілетті органды және бұрын ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізген сараптама ұйымын ядролық және радиациялық қондырғының жобалау және пайдалану құжаттамасын ұсына отырып, жоспарланатын өзгерістер туралы жазбаша хабардар етеді

6. Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын пайдаланушы ұйым (бұдан әрі – өтініш беруші) аккредиттелген ұйымға сараптама жүргізуге арналған өтінім жібереді.

7. Жобалау және пайдалану құжаттамасы қағаз және электронды жеткізгіштерде беріледі.

8. Сараптаманы жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың басшылары:

1) сараптама жүргізу үшін сарапшылар құрамын айқындайды, қажет болған жағдайда отандық және шетелдік мамандарды тартады, бұл ретте Заңның 24-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдар сарапшылар ретінде әрекет етпейді;

2) сараптама қорытындысына қол қояды.

9. Сараптама жүргізу мерзімі аккредиттелген ұйым өтінімді алған күннен бастап үш айдан аспайды.

10. Аккредиттелген ұйымдар сараптама жүргізу кезінде ядролық қауіпсіздікті және (немесе) радиациялық қауіпсіздікті, (және) немесе ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есеп-қисап әдістемелерін қолданады.

11. Аккредиттелген ұйым сараптама жүргізу нәтижелері бойынша жүргізілген сараптаманың нысанасы мен объектісі туралы ақпаратты, өтініш беруші көздеп отырған немесе жүргізіп жатқан қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды, сараптама объектісін іске асыру жөнінде шешім қабылдауға жол берілетіні және мүмкін екені туралы тұжырымды қамтитын қорытынды береді.

12. Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу нәтижелері бойынша сараптама объектісін іске асыру жөнінде шешім қабылдауға жол берілетіні және мүмкін екені туралы қорытынды беріледі.

13. Сараптаманың теріс қорытындысы берілген жағдайда өтініш беруші ескертулерді жояды және жобалау мен пайдалану құжаттамасын сараптама жүргізу үшін қайта жібереді. Аккредиттелген ұйым қайта сараптаманы бастапқы (бұрын жобалау мен пайдалану құжаттамасының сараптамасын жүзеге асырған) құрамда жүргізеді. Қайта сараптама жүргізу мерзімі аккредиттелген ұйым өтінімді алған күннен бастап бір айдан аспайды.

Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

«Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-49 бұйрығы

Күшіне енді: 2021.02.07

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етеді. Жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыс беруші жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етеді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алады.

3. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) құрылыс-монтаж жұмыстары мыналарды:

- жер жұмыстарын және топырақтағы арнаулы жұмыстарды;
- қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға, уақытша инженерлік желілер, жолдар, қойма алаңдарын орналастыруға, сондай-ақ аумақты вертикалды жоспарлауға байланысты дайындық жұмыстарын;

- үйлер мен ғимараттардың (оның ішінде көпірлер, көлік эстакадалары, тоннельдер мен метрополитендер, жол құбырлары, құбыр өткізгіштер, өзге де жасанды құрылыстар) тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын салуды;
- желілік құрылыстарды төсеу жөніндегі арнаулы құрылыс және монтаж жұмыстарын;
- сыртқы инженерлік желілер мен құрылыстар, сондай-ақ ішкі инженерлік жүйелер орнатуды;
- конструкциялар мен жабдықтарды қорғау және өңдеу жөніндегі жұмыстарды;
- автомобиль және темір жол құрылысын;
- технологиялық жабдықты жинауды және тұрақты пайдалану орнында жобалық жағдайда орнатуды қоса алғанда, оны монтаждау, жеке сынау және жүктемемен сынау, сондай-ақ бөлшектеуді қамтитын құрылыс қызметі;

2) құрылыс алаңы – құрылыс кезеңінде құрылыс объектілерін тұрақты орналастыруға, сондай-ақ материалдар мен құралымдарды жинау, машиналарды, уақытша ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға арналған белгіленген тәртіпте бөлінген жер учаскесі;

3) уақытпен қорғану қағидаты – олардың іс-қимылының уақытын төмендету есебінен жұмыс істеушілерге қолайсыз өндірістік орта және еңбек процесі факторларының зиянды әсерін азайту: ішкі ауысым үзілістерін енгізу, жұмыс уақытын қысқарту, еңбек демалысы ұзақтығын ұлғайту, осы жағдайлардағы жұмыс өтілін шектеу.

2-тарау. Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезіндегі еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

4. Көлік кіретін жолдарға, өту жолдарына және жаяу жүргіншілер жолдарына, санитариялық-тұрмыстық және әкімшілік үй-жайларға іргелес орналасқан учаскелерге қиыршықтас төселеді немесе оның қатты жабыны болады.

5. Құрылыс алаңдары мен жұмыс учаскелері үшін жалпы біркелкі жарықтандыру көзделеді. Құрылыс алаңдарын, ғимараттардың ішіндегі құрылыс және монтаждау жұмыстарын жасанды жарықтандыру санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес көзделеді.

6. Жұмысты жарықтандыру жұмыс тәуліктің қараңғы және түнгі уақытында орындалатын барлық құрылыс алаңдары мен учаскелерінде орындалады және жалпы (біркелкі немесе оқшауланған) және аралас (жалпыға жергілікті қосылады) жарықтандыру қондырғыларымен жүзеге асырылады.

7. Жарықтанудың нормаланатын деңгейлері екі люкстен (бұдан әрі – лк) артық болатын жұмыс учаскелері үшін жалпы біркелкі жарықтандыруға қосымша жалпы шоғырландырылған жарықтандыруды көздеу қажет. Адамдардың уақытша болуы мүмкін учаскелер үшін жарықтану деңгейлері 0,5 лк-ға дейін төмендеуіне жол беріледі.

8. Құрылыс алаңдары мен учаскелерін жарықтандыру үшін ашық газды-разрядты шамдарды және мөлдір колбасы бар қыздыру шамдарын қолдануға жол берілмейді.

9. Құрылыс алаңдары мен ғимараттардың ішіндегі жұмыс учаскелеріндегі жалпы жарықтандырудың жарық беруші қондырғыларынан пайда болатын жарықтандыру сани-

тариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес келеді.

10. Құрылыс алаңы құрылыс кезінде құрылыс қоқысынан, ал қысқызғылде қардан уақтылы тазартылады, жылдың жылы мезгілінде су себіледі.

11. Қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органдардың талап етуі бойынша автокөлік құралының құрылыс алаңынан қалалық аумаққа шығатын жерде тұндырғы мен су жинауға арналған ыдыс бар су бұру жүйесі ұйымдастырылған қатты жабыны бар доңғалақтарды жуу пунктімен жабдықталады.

12. Салынып жатқан объектіде орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру көзделеді. Орталықтандырылған су құбыры немесе сумен жабдықтаудың басқа көзі болмаған жағдайда, тасымалданатын суды пайдалануға жол беріледі.

13. Су санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес келетін автокөлікпен жеткізіледі.

14. Тасымалданатын су жеке үй-жайда немесе қатты жабыны бар алаңға орнатылған қалқа астындағы ыдыстарда сақталады.

15. Суды сақтауға арналған ыдыстар Қазақстан Республикасы аумағында осы мақсат үшін қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалады.

16. Тасымалданатын суды сақтауға және тасымалдауға арналған ыдыстарды тазарту, жуу және дезинфекциялау күнтізбелік он күнде кемінде бір рет және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

17. Ішкі беті механикалық жолмен тазартылады, суын толық төгу арқылы жуылады, дезинфекцияланады. Дезинфекциядан кейін ыдыс жуылады, су толтырылады және суға бактериологиялық бақылау жүргізіледі.

Дезинфекциялау үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың аумағында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген дезинфекциялау құралдары қолданылады.

18. Ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын су санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес келеді.

19. Құрылыс алаңдарының санитариялық-тұрмыстық үй-жайларының суды бұру жүйесі оларды уақытша схема бойынша жұмыс істеп тұрған сыртқы су бұру жүйесіне қосу арқылы немесе су өткізбейтін, қазылған шұңқыры бар ауладағы дәретхана құрылғысымен немесе биодәретхана мобильді дәретхана кабиналары арқылы жүзеге асырылады.

Қазылған шұңқыр көлемінің кемінде үштен екі бөлігі толған кезде тазартылады. Объекті құрылысы аяқталғаннан кейін ауладағы дәретханаларды бөлшектегеннен кейін дезинфекциялау іс-шаралары жүргізіледі.

Жалғасы келесі нөмірде

